Ұстаз - жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Адам баласы жаратылғалы бері, оның бойына, өзіндік бітім-болмысына табиғатпен берілген қасиеттің бірі – қоршаған әлемді көруге, білуге, тануға деген қажеттілік. Ал бұл қажеттілікті өтеуге, қанағаттандыруға септесетін бірден-бір тұлға – ұстаз. Сондықтан да дүние жүзіндегі қай халықты алсақ та, баршасы да ұстаз тұлғасын әркез биік қойған. Міне, өзін қоршаған баршаға білім мен тәрбие шапағатын сеуіп келе жатқан ардақты азамат, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың 50 жылдық тарихы бар «Кәсіптік және техникалық оқыту» кафедрасының ардагер ұстаздарының бірі, техника ғылымдарының докторы, профессор Нұралин Бекет Нұрғалиұлы мерейлі 60 жасқа толып отыр. Ол 1976 жылы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын бітірген соң, институтқа жұмысқа қабылданып, ассистенттік лауазымнан өзінің адал еңбегінің арқасында профессорлық лауазымға дейін өсіп, кафедра меңгерушісінен бірінші проректор қызметіне дейін жоғарылады.

Мен Нұралин Бекет Нұрғалиұлымен 1993 жылдың тамыз айында әріптес болғаннан бастап, жұмыс бабымен жақынырақ танысып-білісе бастаған болатынмын. Біз ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандығы бойынша Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын бітірген 1993 жыл Кеңес одағының ыдырап, өндіріс орындарының жабылып, совхоздар мен колхоздардың тарап жатқан кезі болатын. Институтты жаңа бітірген біз сияқты жас мамандардың алдында «қайда барамыз», «жұмысты қайдан табамыз» деген шешуі өте күрделі сұрақ туды. Сол кезде бір күні институтқа жас мамандарды ұстаздық лауазымға жұмысқа қабылдап жатыр дегенді естіп, алған мамандығымыз педагогикалық болмаса да, ұстаздық етуге бел буып, жұмысқа қабылдау комиссиясына құжаттарымды тапсырдым. Талап білдірген он шақты жас маманды жұмысқа қабылдау үшін әңгімелесуді Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының оқу-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Нұралин Бекет Нұрғалиұлының өзі өткізді. Конкурса түскен жас мамандардың ішінен сынақтан сүрінбей өткен үшеумізді, Даухарин Жанболат Казиевичті «Экономиялық теория» кафедрасына, мені өзі қызмет атқаратын «Теориялық механика» кафедрасына оқытушылық лауазымға, ал Даулетов Еркін Зинешевичті сол кездегі жауапты жұмыстардың бірі жылыту қазанының меңгерушісі қызметіне жұмысқа қабылдады. Ол маған студенттік кезімде дәріс берген жоқ, себебі біз 1989-1990 оқу жылы екінші курста оқып жүрген кезде, ал Бекет Нұрғалиұлының сүйікті пәндерінің бірі «Материалдар кедергісі» екінші курса оқылатын, ол Москва қаласының Скрябин атындағы Ветеринарлық академиясының жанындағы шет елдерде француз тілінде «Ауыл шаруашылық машиналары» пәні бойынша сабақ жүргізу үшін бір жылдық арнайы дайындық курсына оқуда болатын. Дегенмен жұмысқа қабылданғаннан кейін, ол студенттерге «Материалдар кедергісі» пәнінен дәріс оқып, мен оның ассистенті ретінде осы пәннің практикалық және зертханалық сабақтарын жүргіздім. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз», - деп данышпанымыз Абай айтқандай, бір жыл бойы оның дәрісін тыңдап, орасан зор тәлім алдым. Сондықтан да мен оны ұстазым деп зор мақтанышпен айта аламын.

Бекет Нұрғалиұлы дәріс беретін «Материалдар кедергісі» пәні барлық техникалық мамандықтардың студенттері оқитын өте күрделі ғылымдардың бірі. Материалдар кедергісінде 500-ге жуық формула болса, Бекет Нұрғалиұлы оларды жатқа біліп қана қоймай, дәріс кезінде оларды қорытындылап шығарып беретін еді. Сонысымен-ақ ол алдына келген білім алушыларды баурап алатын. «Халық айтса, қалып айтпайды» демекші, студенттер арасында қалыптасқан «Сызба геометриясын» тапсырсаң, студент атанасың, «Материалдар кедергісін» тапсырсаң, ғашық болуға болады, «Машиналар мен механиздер теориясын» тапсырсаң, үйленуге болады» деген «наным» тегін айтылмаған-ау деген ойға қаламын кейде. Әлі күнге дейін университет бітірген сан түлек «Сызба геометриясы» десең, Джапаров Раниль Рафхатовичті, «Материалдар кедергісі» десең, Бекет Нұрғалиұлын, ал «Машиналар мен механиздер теориясы» десең, Сагнаев Кайролла Сагнаевичті аса құрметпен еске алады.

Бекет Нұрғалиұлы 1998 жылы университет әкімшілігінің тапсырмасымен заман талабына сай, нарықтағы сұранысқа ие мұнай-газ саласына қажетті жоғары білікті мамандар дайындау мақсатында политехникалық факультет базасында «Аманат» Орал техникалық институтын ашуға белсене атсалысып, осы институттың ректоры болып тағайындалған болатын. Сол кезде ректор ретінде алғашқы бұйрығымен Г.С. Гумаровты және мені қабылдау комиссиясының техникалық хатшысы етіп тағайындап, үлкен сенім білдірді. Осы бізге жүктелген аса маңызды жұмысты үлкен жауапкершілікпен орындап, сол жылы 400-ге жуық студентті ақылы негізде оқуға қабылдадық. Бекет Нұрғалиұлы осы студенттерден қосымша түскен қаражатты тиімді пайдаланып, факультеттің материалдық базасын нығайтуға көп көңіл бөлді. Қазіргі қолданыстағы кафедраға қарасты 2 компьютерлік сыныпты ашып, оқу үрдісіне компьютерді қолдануды алғаш рет енгізген болатын.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші, Бекет Нұрғалиұлы өзінің шәкірттерімен мақтана да алады, оған бір ғана дәлел - 2014 жылдың 3-5 ақпан аралығында университет студенттері Н.Н.Назарова мен С.Таушанова ҚР жоғары оқу орындарының арасында қолданбалы механикадан Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті базасында өткізілген Республикалық

олимпиадаға қатысып, жеке есепте Н.Н.Назарова үшінші орынды иеленді.

Бекет Нұрғалиұлы - ұстаздық қызметін ғылыммен сәтті ұштастырып келе жатқан ғалымдардың бірі. Оның қаламынан шыққан 160-ге жуық ғылыми мақалар мен оқу-әдістемелік жұмыстар еліміздің, жақын және алыс шет елдердің әр түрлі журналдарында жарық көрді. Соңғы екі-үш жылдың ішінде «Материалдар кедергісі» атты оқу құралының, 4 оқу-әдістемелік нұсқаудың және 2 электрондық оқу құралының авторы атанды.

Б. Н. Нұралиннің білім және ғылым саласындағы ұшан-теңіз еңбегі университет және облыс әкімшілігі, қала берді ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан ескерусіз қалған жоқ. Ол Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы құрметті қызметкері, Орынбор облысы губернаторының 2010 жылғы ғылым және білім саласындағы жүлдесінің және тағы да басқа көптеген алғыс хаттар мен марапаттау қағаздарының иегері.

«Кәсіптік және техникалық оқыту» кафедрасының ұжымы және өз атымнан Нұралин Бекет Нұрғалиұлын мерейлі 60 жасымен құттықтай отырып, деніне саулық, жұмысына шығармашылық табыс, отбасына амандық пен бақыт тілейміз.

Б. Н. Нуралину – 60 лет!

Е. М. Джаналиев,
заведующий кафедрой профессионального
и технического обучения, к.т.н., доцент

Р. Р. Джапаров,
к.т.н., доцент кафедры профессионального
и технического обучения

Этот год является юбилейным для профессора кафедры профессионального и технического обучения, доктора технических наук Нуралина Бекета Нурғалиевича.

Юбилей – это дата, когда подводятся итоги сделанному и прожитому. И оглядываясь назад, Бекет Нурғалиевич может с гордостью заявить: «Мои года – мое богатство». К своему 60 –

летнему юбилею он подошел с большими достижениями, как на профессиональном поприще, так и в личной жизни.

Бекет Нургалиевич родился 21 декабря 1954 г. в городе Шалкар Актюбинской области. Отец Нұрғали (Мәтәлі) по профессии учитель истории в разные годы работал директором школы, заместителем председателя райисполкома, председателем партийной комиссии райкома партии, председателем народного контроля. Мать Зағи работала учителем начальных классов. Они воспитали 4 сыновей и 3 дочерей. Бекет Нургалиевич был старшим ребенком в семье.

В школе Бекет Нуралин увлекался математикой, физикой, химией. Неоднократно принимал участие и становился призером областных и городских олимпиад по этим предметам. Успешную учебу в школе он совмещал с активным участием в различных спортивных соревнованиях по баскетболу, волейболу, футболу.

После окончания Шалкарской средней школы, как и перед многими его сверстниками, стоял вопрос. Куда пойти учиться? Но для себя он выбор будущей профессии сделал задолго до окончания школы. Тяга к технике и техническому творчеству привели его в Западно-Казахстанский сельскохозяйственный институт.

Успешно сдав вступительные экзамены и выдержав конкурс в сентябре 1971 года, он становится студентом первого курса факультета механизации сельского хозяйства.

Отличная учеба в институте сочеталась активной общественной работой. На протяжении всех лет обучения в институте он являлся старостой группы. Принимал активное участие в развитии студенческих механизированных отрядов. В качестве командира отряда выезжал с группой в летний период на уборку урожая в хозяйства области.

Еще в студенческие годы Бекет Нургалиевич проявлял интерес к научно – исследовательской работе. Неоднократно выступал с докладами на студенческих конференциях.

Не случайно после окончания института ему была предложена должность ассистента на кафедре общетехнических дисциплин факультета механизации сельского хозяйства.

В то время на кафедре общетехнических дисциплин работала целая плеяда замечательных преподавателей. Это Исаев Василий

Андреевич, Сагнаев Хайрулла Сагнаевич, Алышев Сергей Куприянович, Гребенюк Игорь Александрович, Ермаков Юрий Борисович, Четверкина Кларисса Георгиевна, Диков Олег Сергеевич, Сакара Дмитрий Васильевич и др., многих из них уже нет с нами, но всех он с благодарностью вспоминает.

За молодым ассистентом запланировали практические занятия по сопротивлению материалов. Лекции по этой дисциплине читал кандидат технических наук, доцент, заведующий кафедрой В. А. Исаев. Обладавший хорошо поставленным голосом, хорошо владевший методикой преподавания дисциплины, элегантный, культурный, с безупречным внешним видом он произвел в то время на начинающего преподавателя неизгладимое впечатление.

В 1979 году Нуралин поступил в целевую аспирантуру при Челябинском институте механизации и электрификации сельского хозяйства. Научным руководителем был назначен доктор технических наук, профессор Подскребко Михаил Данилович.

Бекет Нургалиевич не раз с любовью рассказывал о своем научном руководителе, которого глубоко уважает и почитает как благодарный ученик и как человек, умеющий оценить талант и сделанное людьми добро.

В 1986 году он успешно защитил кандидатскую диссертацию по специальности 05.20.01 – «Механизация сельскохозяйственного производства» на тему: «Обоснование параметров и режимов работ фрезы комбинированного рыхлителя для обработки солонцов».

В 1986-1988 гг. Нуралин работал заведующим кафедрой сопротивления материалов, а с 1988 по 1990 гг. и. о. доцента кафедры теоретической механики.

В 1991г. Решением ВАК при Совете Министров СССР ему присвоено ученое звание доцента.

В 1991–1996 гг. работал заведующим учебно–методическим отделом института, а после преобразования Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института в Западно-Казахстанский аграрный университет в 1996 г. был назначен на должность проректора по учебной работе.

В эти годы Нуралин принимал активное участие в разработке и внедрении в учебный процесс непрерывной многоступенчатой системы обучения, открытии новых специальностей.

В 1998-2010 гг. работал ректором Уральского технического института «Аманат», первым проректором Западно-Казахстанского государственного университета, Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана, Уральской академии труда и социальных отношений, проректором по учебно-методической работе Актюбинского государственного университета им. К. Жубанова.

В 2012 году в Оренбургском государственном университете под руководством доктора технических наук, профессора Константинова Михаила Маеровича защитил докторскую диссертацию на тему: «Техническое обеспечение сохранения и восстановления плодородия почвы в условиях Западного Казахстана».

Бекет Нургалиевич избирался депутатом Ленинского районного Совета народных депутатов города Уральска. Являлся председателем Совета молодых ученых Западно-Казахстанского СХИ. Прошел десятимесячные курсы по изучению французского языка при московской ветеринарной академии им. Скрыбина для преподавания курса «Сельскохозяйственные машины» в франкоязычных странах Африки и Азии.

За время научно-педагогической деятельности Нуралин проходил 4-х месячные курсы повышения квалификации по сопротивлению материалов при Московском инженерно-строительном институте им. Куйбышева (1979 г.) и Ленинградском кораблестроительном институте (1989 г.). Прошел стажировку по курсу «Детали машин» при Белорусском институте механизации сельского хозяйства (г. Минск 1984 г.) и по организации учебного процесса при Берлинском университете им. Гумбольда (1998 г.).

Бекет Нургалиевич автор 160 научно-методических разработок, в том числе 2 монографий, выпущенных в издательствах «Колос» (г. Москва) и «LAP: LAMBERT Academic Publishing – Saardrucren» (Германия), 5 учебных пособий, рекомендованных Министерствами сельского хозяйства

Казахстана и России для сельскохозяйственных вузов, свыше 10 научных рекомендаций для производства, 10 патентов Казахстана и России. Является Почетным работником образования Республики Казахстан, лауреатом премии губернатора Оренбургского области в сфере науки и образования за 2010 год.

За успехи в научной и педагогической деятельности награжден Почетными грамотами Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан, Министерства образования и науки Республики Казахстан, акимов Западно - Казахстанской области и города Уральска.

Надежным тылом и опорой для Бекета Нургалиевича служит его дружная семья. Вместе с супругой Гаухар Мусиничной воспитали и дали образование троим прекрасным детям. Все они стали хорошими специалистами, создали свои семьи и подарили замечательных внуков.

Коллектив кафедры профессионального и технического обучения Западно – Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана поздравляет Нуралина Бекета Нургалиевича с прекрасным юбилеем. Желаем Вам крепкого здоровья, огромного счастья, неиссякаемой энергии, благополучия и дальнейших профессиональных успехов.

НҰРЛЫ ҒҰМЫР

Халел Құсайынов,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университеті,
Экономика және құқық
институтының директоры,
экономика ғылымдарының
докторы, профессор, академик

Қытайдың ғұлама ғалымы, данагөй философы Конфуций: «Байыптылық, жомарттық, кеңпейілділік, адалдық және мейірімділік – асқан адамгершілікті көрсететін бес қасиет», – деп түйіндеген екен. Шүкір, өмірге деген жауапкершілік ұстанымы, айналасындағыларға деген дарқан көңілі, айтқан сөзі мен іс-әрекеттерін шындыққа, нақтылыққа негіздейтін талмайтын

талпынысы мен ізденгіштігі, кімге болса да мүмкіндігінше көмек көрсетуден қашпайтындығы сияқты қасиеттерге ие азаматтар елімізде жоқ емес, баршылық. Солардың бірі – осы күндері алпыс деген асуды алған, есімі елге белгілі, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Нұралин Бекет Нұрғалиұлы.

Бекет екеуіміз жетпісінші жылдардың басында Орал ауылшаруашылық институтында бірге параллель оқыдық. Оқуды үздік бітіргеннен соң ол Челябинскідегі аспирантураға жолдама алды, ал мен Киев қаласындағы аспирантураға түстім. Осылайша ғылым жолын қатар таңдап, бір саланың маманы болдық. Сол кездер өмір баспалдағымыздың ұмытылмас кезеңдерінің бірі болып еді.

Кандидаттық дәрежемізді қорғап болған соң, өзіміздің ұшқан ұямыз Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтына қайта оралып, ғылыми-педагогикалық еңбек жолына кірістік. Бекет Нұрғалиұлы институтта жас маман болса да, ауылшаруашықпен техника саласының қыр-сырын жетік меңгерген кәсіп иесі екендігін ұжымға бірден байқатты. Оқу-әдістемелік жұмыстарды жақсы меңгерген Бекет өзі қызмет еткен оқу орнының мәртебесін көтеруде жаңа қадамдарға сескенбей барып жүрді. Қысқаша айтқанда, өзінің реформаторлық, яғни жаңа бағыттарға ұмтылу арқылы жасаған жұмысын жандандырып, білім беру жүйесінің көрсеткіштерін жақсарту жолында көптеген шаруалар атқарды.

Туған өлкесі – Ақтөбе жеріне келіп, 2002-2003 жылдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор қызметін де атқарды. Ол кезеңде де коллективке адал еңбек пен сыйластықты өте жоғары бағалайтын азамат ретінде танылды. Одан соң Оралға қайта оралғаннан кейінгі жылдарда да қарым-қатынасымыз бен байланысымыз үзілген жоқ. Бірнеше мәрте техникалық бағыттардағы мамандықтарға мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы ретінде келіп жүрді. Әріптестері білікті маман ретінде Бекеттен ақыл-кеңес сұрап, ал ол өз кезегінде бар білгенін жас ұстаздарға әрдайым үйретіп отырады. Осы кәсіби деңгейінің нәтижесінде, жылдар бойы жинақтаған тәжірибесінің арқасында 2011 жылы Орынбор қаласында техника саласы бойынша докторлық диссертациясын абыроймен қорғап шықты.

Диссертация мазмұны Батыс Қазақстан жағдайындағы топырақ құнарлығын сақтау және қалпына келтірудің техникалық қамтылуымен байланысты. Бекеттің зерттеу тақырыбы ауылшаруашылығы үшін өте маңызды. Өйткені, қазіргі таңдағы далалық аудандардағы топырақ құнарлығы өте тұрақсыз күйде. Оның үстіне нарық замамында агроөнеркәсіп кешенінің өзіне қойылатын талап өте жоғары. Егістіктегі жұмыс қарқынын барынша тиімді етіп, алынатын өнімді барынша жоғары көрсеткішке жеткізуді мақсат тұтқан Бекет Нұрғалиұлының бұл еңбегі ауылшаруашылығы саласының ғалымдары арасында жоғары бағаланып, қызу талқыға түсті.

Саналы ғұмырында ешкімге салмақ салып көрмеген, адалдығынан, әділдігінен еш айнымаған Бекең достыққа адал, қайырымды, әділ, қиянат атаулыға жаны қас, сырға берік, анау-мынаудың кеудемсоқтығын, өктемдігін өзі де басакөктетпейді. Замандасымыздың бұл қасиеттеріне бұрын да, кейін де талай көзім жетті.

Бекет жолдасыма алдағы ғұмырында сарқылмас қайрат, шығармашылық шабыт, талапты да талантты шәкірттер мен абыройлы ұрпақ тілеймін!

Құрметті Нуралин Бекет Нұрғалиұлы!

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті «Автокөлік және ЖҚҰ»
кафедрасының ұжымы
Ақтөбе 21.12.2014 жыл

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат, дос, әріптес және аға ретінде жақсы білеміз. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз, тың ғылыми-техникалық жаңалықтарды енгізуде озық ойлайтын кемел қабілетіңіз тәнті етпей қоймайды, жастарға ұлағатты ұстаз, өнегесіз.

Сіз бар күш-жігеріңізді, мол тәжірибеңізді туған еліміз – Қазақстанды қорғай білетін мамандар даярлауға аямай жұмсап келесіз.

Сіз әрдайым қарапайым адамдардың мұң-мұқтажына терең бойлап, әркімге жақсылық жасауға құштарсыз.

Әрқашан біліміңіз бен ұйымдастырушылық қабілетіңіздің арқасында әріптестеріңіздің арасында құрмет пен сыйға бөленіп жүрсіз. Еліміздің экономикасының өркендеуіне, қанаттанып гүлденуіне сүбелі үлес қосып келесіз.

Жоғарғы деңгейдегі техника мамандығын толық ғылыми деңгейде меңгерген қарапайым қазақ ұлы – Сіз халықтың жоғарғы деңгейдегі әлеуметтік қорғау саласында ұзақ еңбек жолынан өттіңіз.

Біз Сіздің қай сала жағынан болса да іскерлік қабілеттеріңіздің жарқырай ашылған тұсы осы кез екенін жоғары бағалаймыз.

Сізді әріптестеріңіз іскер басшы, шебер ұйымдастырушы, кәсіптік деңгейі жоғары маман ретінде танып құрметтейді.

Біліміңіз бен алғырлығыңыздың және ұйымдастырушылық қабілетіңіздің арқасында әріптестеріңіздің арасында құрмет пен сыйға бөленіп жүрсіз. Батыс өңіріндегі ең ірі оқу орындары бірінің қызметі өркендеп, қанаттанып өсуіне қалыпты жұмыс жасауына сүбелі үлес қосып келесіз. Осындай абзал істерге аянбай еңбек етіп жүрген азаматқа деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ, отбасына береке-бірлік, баянды бақыт, еңбекте тартулы табыс тілейміз.

Сіздің ғалым ретінде де мейірім-шапағатыңыздың зор екенін білеміз. Кішіге ілтипат, үлкенге ізеттік көрсете білетін қасиетіңіз кейінгі жас толқынға үлгі-өнеге бола білсіз.

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілей отырып:

Құтты болсын бүгін туған күніңіз,
Әріптестерге биік тұлға – ұстазсыз.
Қуанамыз өзіңізбен біз бүгін
Шықсын ылғи алдыңыздан ізгі күн.
Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,
Келе берсін Сізге ылғи бақ күліп.
Шаттықпенен көріп таңның арайын,

Жаратушы төксін игі жақсылық,
Еңбегіңіз еселенсін ел үшін.
Әлі талай қызықтарға кенеліп,
Бұл өмірдің көріңіз тек жеңісін.
Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз!
Дәулет пен мейіріңіз таси берсін,
Арта берсін абырой-беделіңіз!
Алатау шыңдары мен Қаратау тастарына
Көз түсті жеткеннен соң алпыстың асқарына...
Ақ бояу самай менен, бақ сыйлап бастарыма.
Жетпістің жотасына жетпеген жаста мына
Жаудырам алғысымды көрші мен достарыма,
Ұл-қызым, немере мен шөбере – жастарыма!

Бір басында тектілікті, ірілік пен іскерлікті асқақтатар сан қасиеттер тоғысқан, сонысымен де елінің көшелі бір азаматы болып, есімі жақсылар мен жайсаңдардың қатарында аталып жүрген ардақты Бекет ағамыз бұл күнде 60 жастың асқарына шығып, бәрімізді қуантып отыр.

Жасынан ел басқару ісіне араласып, осы жолда көп белес – биіктерден өткен қымбатты ағамызға, әкеміз, атамызға алда да тасыңыз осылай өрге домалай берсін, көргеніңіз тек қызық болып, ел-жұртыңызды жаңа табыстарыңызбен қуанта бергейсіз демекпіз.

Б. Н. Нуралину - 60 лет!

А. Ж. Мурзагалиев,

к.т.н., доцент, декан технического факультета АРГУ им. К. Жубанова

Знаю Нуралина Бекета Нургалиевича со студенческих лет, со времен становления университета и нашего факультета – «мехфака». В те годы в обществе, государстве был особый статус специалистов с высшим образованием. Соответственно, молодые люди – выпускники школ с особым рвением и желанием шли в институты в надежде получить высшее образование, с искренним желанием быть представителями особо уважаемой и почитаемой в народе социальной группы - интеллигенции.

Несмотря на то, что в вузы страны был «жесточайший» конкурс (в среднем 1 место 3-4 абитуриента) огромное количество пытливей молодежи из городов, окраин, сельских школ успешно преодолев барьер вступительных экзаменов, ежегодно пополняли состав студентов вузов. Таким образом, пройдя через сито строгого отбора, среди студентов первого курса факультета механизации сельского хозяйства появился Нуралин Бекет Нургалиевич, признанный ныне в государственных органах, обществе, в научно-педагогической среде - личность.

Отличная учеба в студенческие годы, завершением которого явился диплом с отличием об окончании института с присвоением квалификации инженера-механика по выбранной специальности и широкое признание его способностей в изучении инженерных дисциплин своими сокурсниками и что важнее всего, коллективом преподавателей факультета, является первым серьезным успехом юноши из г. Шалкар Актюбинской области.

Как очевидец всех дел и свершений Бекета Нургалиевича особенно в годы совместной работы на факультете, в аспирантуре далее по совместной работе в родном вузе и системе образования, могу отметить несколько основных моментов, ярко характеризующих юбиляра, как обладающего особой харизмой интеллигентного человека.

Имея возможность более близкого общения с Бекетом Нургалиевичем, могу отметить, что в инженерной среде есть много представителей и специалистов, хорошо владеющими основами точных наук. Но успехи Бекета Нургалиевича в овладении секретами такой сложнейшей науки, как сопротивление материалов, вызывает особое уважение к нему, как грамотному инженеру. Он – профессионал высокого класса, один из авторитетнейших специалистов вузов РК Западного региона по базовым дисциплинам, профессор кафедры. Характерная черта юбиляра – это его необычайная доброжелательная манера общения с людьми, внешняя опрятность, аккуратность, педантичность в любом деле. Не помню случаев, чтобы дело, начатое им было не доведено до логического конца, и чтобы кто-то уходил от него с чувством

обиды и неудовольствия. Вместе с тем, Бекет Нургалиевич – настоящий педагог, методист высокого класса, отличается высокой требовательностью к студентам. В этом убеждено не одно поколение выпускников мехфака, изучивших и успешно сдавших технические дисциплины.

Благодаря своим способностям, упорству, трудолюбию, вчерашний выпускник средней школы города Шалкар, нынче наш коллега Бекет Нургалиевич Нуралин – признанный ученый в области сельскохозяйственного производства в Республике и зарубежом, доктор технических наук, профессор, внесший большую лепту в дело воспитания и подготовки инженерных кадров для Республики. Бекет Нургалиевич прошел все ступени становления личности от студента до ректора одного из вузов страны. Обратим внимание на краткий беспристрастный послужной список юбиляра: ассистент кафедры, аспирант, защита кандидатской диссертации, доцент, профессор, заведующий кафедрой, начальник учебно-методического отдела института, проректор по учебной работе, ректор института, первый проректор университета, защита докторской диссертации. Приведенный простой перечень этапов жизненного пути показывает, как много сделано Бекетом Нургалиевичем за такой период времени жизни.

При всем при этом Бекет Нургалиевич высокообразованная личность, интеллигент не в истинном смысле слова, не на словах, а на деле. В этом, думаю имеют возможность убедиться все кто имел счастье близкого общения с юбиляром. Искреннее соучастие делу человека, бескорыстное желание оказать ему поддержку, помощь, уважение к любому субъекту общения как к личности независимо от его социального статуса и ранга – вот те ценнейшие нравственные принципы, которыми руководствуется и по которому живет наш уважаемый коллега, профессор Нуралин Бекет Нургалиевич.

УЧЕНЫЙ, ПЕДАГОГ, НАСТАВНИК

Н. К. Бекбулов,

кандидат сельскохозяйственных наук, доцент

Творческий путь Бекета Нургалиевича начинается уже в студенческие годы. По результатам научных исследований в студенческих кружках ежегодно с докладом о своих исследованиях выступал на конференциях. Был одним из способных студентов на курсе. Неоднократно за хорошую учебу награждался значком «Отличник учебы высшего учебного заведения».

Как один из лучших выпускников решением Ученого Совета института был рекомендован на преподавательскую работу в ВУЗе. Трудовая деятельность начинается с 1976 года, с ведения занятий по теоретической механике.

Студенты в те годы, данный предмет считали, одним из трудноусвояемых. Была поговорка: сдал теоретическую механику, окончил вуз. Несмотря на большую занятость учебной и воспитательной работой вел научные исследования в области механики.

После трех лет работы в 1979 году поступает в аспирантуру Челябинского института механизации и электрификации сельского хозяйства и возвращается в родной вуз.

Организаторские способности Бекета Нургалиевича были замечены руководством института, и в неполные тридцать лет ему было предложено руководство кафедрой «Сопроотивление материалов». Он пользовался уважением и авторитетом.

Прекрасные теоретические и практические знания, владение русским и казахским языками способствуют выполнять и разрабатывать большой объем учебно-методической работы и повышать лекторское мастерство.

В дальнейшем был назначен заведующим учебно-методическим отделом вуза, с которым справился успешно. Его разработки используются по настоящее время не только в ЗКАТУ им. Жангир хана, но и в других ВУЗах.

Как один из перспективных молодых ученых в восьмидесятые годы был направлен на учебу в г. Москву для

изучения французского языка, с перспективой в дальнейшем для работы за рубежом. Организаторская способность и активная жизненная позиция юбиляра, его скромность и ответственность за порученное дело, требовательность к себе в полной мере проявились в его трудовой деятельности при работе на должностях ректора, первого ректора.

Итогом многолетних научных исследований явилось успешная защита докторской диссертации. Результаты научных исследований используется в учебном процессе, а также внедрены в производство.

Бекет Нургалиевич является прекрасным семьянином, отец троих детей. Но его опорой и помощницей является его супруга Гаухар Мусинишна, которая долгое время работала преподавателем техникума.

Семейные традиции продолжают их дети. Сын Амиржан и Артур окончили ЗКАТУ им. Жангир хана, а дочь Асель КазНТУ. Его гордостью являются 6 внуков.

В канун юбилея желаем Вам Бекет Нургалиевич личного и семейного счастья, крепкого здоровья и научного творчества.

Наш друг - Бекет

С уважением и любовью семья Садыковых

Более тридцати лет как мы знакомы с Бекетом Нургалиевичем Нуралиным и его семьей. Еще в студенческие годы общались на вечерах актюбинских студентов, тогда же познакомились с Гаухар Мусинишной. Все это время Бекет Нургалиевич учился: в институте, аспирантуре, докторантуре, между делом, французскому языку, уже в то время, осуществляя принцип непрерывного образования. В настоящее время Бекет Нургалиевич является одним из самых эрудированных, интеллигентных, грамотных, порядочных людей своего времени. Наверно, о нем, как о видном ученом, замечательном педагоге будет сказано и напечатано очень много, нам же хочется сказать о Бекете-друге.

Бекет – верный, преданный друг. Все те друзья, с которыми мы общались еще тридцать лет назад, почти все рядом. Мы уважаем и просто любим его.

Мы гордимся тем, что наши семьи смогли пронести уважение и дружбу сквозь эти годы, были рядом и в минуты испытаний и в минуты радостных событий. Хотелось бы сказать о человеческих качествах нашего товарища. В нем по-чеховски прекрасно все: и душа, и тело, и мысли. У него счастливая, легкая рука. Он сыграл большую роль как почетный «сват» в жизни наших детей. Все их семьи живут счастливо, с большой благодарностью Бекет ағасына.

Бекет Нургалиевич никогда не забывает дни рождения родственников и друзей. В любой день недели и в любую погоду он найдет время и теплые слова, чтобы поздравить именинника. Как истинный джентельмен, только он всегда подарит виновнице изысканный букет и хорошее настроение!

Надежным тылом и забота его большой, дружной семьи в лице доброй, ласковой мамы Бекета, супруги Гаухар Мусиничны и их детей: Амиржана, Артура, Асель и их семей. Все они души не чают в своем супруге, отце и дедушке. Про Гаухар-это отдельный разговор и тема для исследования.

Человек с таким набором профессиональных и личностных качеств в наше время является примером для подрастающего поколения.

Хочется пожелать Бекету Нургалиевичу крепкого здоровья, долгих лет на профессиональном и творческом поприще, счастливой семейной жизни.

ДРУЗЬЯ О ЮБИЛЯРЕ

Друзья семьи: семья Айтуганова Рашита Ермековича

В далеком 1971 году в Уральск из п. Челкар, Актюбинской области приехал 17-летний худенький стройный паренек. Успешно сдав вступительные экзамены и выдержав конкурс, стал студентом факультета механизации сельского хозяйства Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института. Пролетели незабываемые студенческие годы. За годы учебы преподаватели

оценивали не только знания молодого человека, но и заметили целеустремленность, собранность, аккуратность, воспитанность, проявляющуюся в разных ситуациях. Поэтому по окончании учебы, в 1976 г. ему было предложено остаться ассистентом на кафедре общетехнических дисциплин. 1979 – 1982 годы - учеба в целевой аспирантуре Челябинского института механизации и электрификации сельского хозяйства. После окончания аспирантуры, оценив огромную трудоспособность, упорство в достижении поставленной цели, отличные исследовательские навыки в сочетании с глубокими фундаментальными знаниями, молодому ученому после защиты кандидатской диссертации предложили должность заведующего кафедрой сопротивления материалов.

Плодами многолетних научных исследований явилась защита в 2012 году диссертации на соискание ученой степени доктора технических наук.

Список научных трудов профессора Нуралина Б. Н. включает 157 наименований, 2 монографии, выпущенные в Москве и Германии. Бекет Нургалиевич имеет 10 авторских свидетельств и патентов на изобретения. За годы работы в вузе проходил повышение квалификации в МИСИ, Ленинградском кораблестроительном институте. Проходил стажировку при Белорусском институте механизации сельского хозяйства (г. Минск) и Берлинском университете им. Гумбольда (Германия). Разработаны и широко используются в учебном процессе ряда вузов Казахстана учебные пособия по сопротивлению материалов, начертательной геометрии и сельскохозяйственным машинам на казахском и русском языках.

Результаты научных исследований Нуралина Б. Н. опубликованы в материалах научных конференций в России, Белоруссии, Казахстане. Ученики Бекета Нургалиевича работают во всех уголках нашей республики и за ее пределами.

Первые азы воспитания мы получаем в родном очаге. Затем, из каждой встречи на жизненном пути мы извлекаем уроки, которые нас учат, закаляют, воспитывают. Таких встреч, конечно же, было много и на жизненном пути Бекета Нургалиевича. Видимо воспитание, полученное в семье, было таким, что помогало отличать хорошее от плохого. И вот уже

формируется профессионализм, компетентность, высокая порядочность, культура, интеллигентность.

Мы знаем его в годы, когда он работал проректором по учебной работе Западно-Казахстанского аграрного университета, ректором Уральского технического института «Аманат». Он умел создать работоспособный творчески мыслящий, жизнестойкий коллектив. Всегда аккуратен, подтянут, корректен. По отношению к людям не проявляет чванства, зазнайства, снобизма, лицемерия. Умеет находить общий язык с людьми разного возраста и социального статуса.

Верной опорой и помощником во всех начинаниях является его супруга - Гаухар Мусинична, трудами которой создан теплый семейный очаг. Вместе воспитали и дали образование троим прекрасным детям, лелеют внуков. Являются прекрасным примером образцовой семьи с хорошими устоями.

БЕКЕТ АҒА

Ізгі ниетпен қарындасы Сандуғаш

Бүгінгі күн- кешегінің жемісі, ертеңгінің өркені.

Н. Ф. Погодин

Біз – семьяда жеті ағайынды: төрт ер бала және үш қыз бала болып тәрбиелендік.

Бекет әкеміз Мәтәлі дүниеден озған кезде 37 жаста болатын, жиырма үш жылдан бері әкеміздің жоқтығын білдіртпей, әке орнына бізге асқар таудай пана, ақылшы, қиналғанда қол ұшын беретін қамқоршы болып келеді.

Бекет – баланың үлкені, яғни ең үлкен ағамыз. Есімді білгеннен бері ата-анам оны бізге үлгі етіп мақтан ететін. Ол спортпен айналысып, пәндер бойынша олимпиадаларға қатысып, басқа қалаларға барып тұратын. Сонда маманың маған ұрысып, сендер ақшаның мөріне қарамай жұмсайсыңдар, Бекет болса берген ақшаны жұмсамай қайтып алып келетін дейтін. Ал мен қарап тұрмай, ақшаны жұмсау үшін берген жоқсың ба деп сөз қайтаратынымын. Ойлап қарасам, Бекет баланың үлкені болған

соң, үйдің және артындағы бауырларының жағдайын ойлап, ақшаны бейберекет жұмсамайтын.

Бекет екеуміздің арамыз 12 жас. Ол мектепті 1971 жылы бітіргенде, мен небәрі 5 жаста екенмін. Есімде ештеңе қалмапты. Сол жылы ол Орал қаласына оқуға түсіп, жылына екі рет каникулға келіп кететін.

Есімде қалған сәттің бірі, ол 1975 жылы жазғы каникулдан қайтар кезде, мамамнан әдемі екі көк кесе сұрап алған, мамам таң қалып, әжеме мына бала ондай нәрсе сұрамайтын, оған не болған деген болатын. Көп кешікпей 1976 жылдың қаңтар айында үйленді. Бақсақ көрсек әлгі кеселерді Гаухар жеңгеміз үшін сұраған екен. Сол жылы дүниеге үлкен баласы Әміржан да келді.

Міне, қазіргі таңда үлкен жанұяда екі ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, алты немересінің атасы атанып отыр.

Өзіме тоқталатын болсам, мен Бекеттің ортаншы қарындасымын. Атым –Сандуғаш. Мен 1983-1988 жылдар аралығында Орал қаласында Батыс Қазақстан ауыл-шаруашылық институтында оқыдым. Бекет ол кезде аспирантурада оқыды.

Ағасы бардың – жағасы бар дегендей, менің фамилиямды көріп, группаластарым сенің ағаң бар, сен сессиядан қиналмай өтесің деп көре алмайтын. Маған қазақ мектебін бітірген соң, техникалық мамандықта орысша оқу қиынға соқты.

Ал мен болсам, бір жағынан ағама сөз келтірмеймін деп, бір жағынан намысты қолдан бермеймін деп, тырысып оқып бітірдім.

Сол кездің өзінде ағамның коллективте сыйлы екенінде байқадым. Оқуға құжаттарымды тапсыруға барғанда, Бекеттің жұмыс жасайтын кафедрасының меңгерушісі Абдрахманов фамилиямды көріп, - Бекеттің қарындасысың ба? Бекет біздің болашақ үміт күтер ғалымымыз, - деп мақтанышпен айтқаны әлі есімде.

«Әмірде үлгі тұтатын адамыңыз бар ма?» – деп сұраса, мен еш ойланбастан: «әкем Мәтәлі мен ағам Бекетті» айтар едім.

Әр адам өзінің ата-анасынан үлгі, өнеге, тәлім-тәрбие алады. Ол адамға қанмен беріледі дейді. Соған мысал, әкеміз Мәтәлі өзінің өнегелі өмірімен, бізге дарытқан тәлім-тәрбиесімен, кең пейілді ақ-жарқын мінезімен мәңгі жанымызда. Міне, сондықтан да әлі күнге дейін «Мәтәлінің қызысың ба?, Бекеттің

қарындасысың ба?» деген сөздер маған жүрегімді дір еткізетін қуат беретіндей.

Өзім – қазір Ақтөбе қаласында, Ақтөбе техникалық колледжінде директордың тәжірибе жөніндегі орынбасары болып жұмыс жасаймын. Жолдасым Еркін – ішкі істер департаментінің зейнеткері, қызым Жансая – мектепті алтын белгіге, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін қызыл дипломмен бітіріп, қазіргі таңда Қ. Жұбанов атындағы аймақтық университетінің магистранты, тұрмыста, Гибрат атты бөпесі және Парасат атты жолдасы бар. Балам Есет – ол да мектепті алтын белгіге, Алматы энергетика және байланыс университетін үлгілі бітіріп, қазір Ақтөбе ферроқорытпа зауытында инженер болып жұмыс жасайды.

Әрі қажырлы, әрі сабырлы адам мұратына жетеді дегендей, міне, ағамыз Бекет те өзінің қажырлы еңбегінің арқасында үлкен белестерге шығып отыр.

Бекет – бауырмал, адамгершілігі мол, ешкімнің ала жібін аттамайтын, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлайтын, қайырымды, мейірімді, өзгенің жақсылығын бағалайтын, жүрегі ізгі ниеттерге толы жан.

Осы жолдарды жаза отырып, Бекет ағам мен өмірлік жолдасы жеңгеміз Гаухар екеуіне ұзақ ғұмыр, әрбір атқан таңның шуағын, қажымас қайрат, мызғымас денсаулық, жанұясына шаттық, Алланың шапағатын шын жүректен жанұямның атынан тілеймін.

**Список научных трудов
доктора технических наук, профессора Б. Н. Нуралина**

1980

1. Исследование и разработка машин для основной обработки солонцовых почв в зоне Южного Урала : отчет ЧИМЭСХ № ГР 79079208. – Челябинск, 1980. – 124 с. (Соавт.: М. Д. Подскребко, Д. В. Сакара, И. Штейнерт, Б. П. Кисилев, А. Ж. Мурзагалиев).

1981

2. Предпосылки к обоснованию схемы комбинированного орудия для обработки целинных солонцов // Почвообрабатывающие машины и динамика агрегатов: науч. труды ЧИМЭСХ. – Челябинск, 1981. - вып. 167. - С. 92-94. (Соавт.: М. Д. Подскребко).

1982

3. Совершенствование машин для основной обработки солонцовых почв: отчет ЧИМЭСХ № ГР № 01019100. – Челябинск, 1982. – 101 с. (Соавт.: И. Штейнерт, Д. В. Сакара, Б. П. Кисилев, А. Ж. Мурзагалиев).

1985

4. Комбинированный рыхлитель для обработки целинных солонцов: информ. листок № 60-85 / КазНИИ ИНТИ при Госплане Каз. ССР. – Актюбинск, 1985. – 2 с. (Соавт.: М. Д. Подскребко, Д. В. Сакара).
5. Обоснование параметров и режимов работы фрезы комбинированного рыхлителя солонцов: автореф. дис...канд. техн. наук. – Челябинск, 1985. – 18 с.
6. Обоснование схемы комбинированного рыхлителя для мелиоративной обработки солонцов // Уральские нивы. - 1985. - № 10. – С. 10-13. (Соавт.: И. Штейнерт, Д. В. Сакара).

1987

7. Орудие для основной обработки распаханых солонцов: информ. листок № 23-87 / КАЗНИИ ИНТИ при Госплане Каз. ССР. –

Актюбинск, 1987. – 3 с. (Соавт.: М. Д. Подскребко, А. Ж. Мурзагалиев, Ж. Амренов).

1988

8. Влияние различных систем обработки целинных солонцов на продуктивность звеньев севооборотов: информ. листок № 70-88 / КАЗНИИ ИНТИ при Госплане Каз. ССР. -Актюбинск, 1988. – 3 с. (Соавт.: В. П. Кисилев, Д. В. Сакара, А. Ж. Мурзагалиев).
9. Ромбовидный плужный корпус: информ. листок № 36-88 / КАЗНИИ ИНТИ при Госплане Каз. ССР. – Актюбинск, 1988. – 3 с. (Соавт.: С. В. Олейников).

1989

10. Журнал лабораторных работ по курсу "Детали машин". – Актюбинск : РИО АВЛУГА, 1989. - 18 с. (Соавт.: Д. В. Сакара, А. Г. Махорин).
11. Методические указания по выполнению расчетно-графических работ по сопротивлению материалов / Зап.-Казахст. СХИ. – Уральск, 1989. - 58 с. (Соавт.: А. Б. Абдрахманов, В. А. Исаев).

1990

12. Двухрядный плуг-рыхлитель: информ. листок № 22-90 / КАЗНИИ ИНТИ при Госплане Каз. ССР. – Актюбинск, 1990. – 4 с. (Соавт.: А. Н. Тюрин, Д. В. Сакара, В. С. Кухта, Р. Р. Джапаров).

1991

13. Влияние различных видов обработки целинных солонцов на урожайность кормовых культур // Актуальные вопросы сельскохозяйственного производства: тез. докл. межвузов. конф. молодых ученых и спец: секции: механизация и электрификация сельского хозяйства. Экономика сельского хозяйства. Агронимия. Общеобразовательные науки / Уральский Обком ЛКСМ Каз. Зап.-Казахст. СХИ. Совет молодых ученых и специалистов. – Уральск, 1991. – С. 14-15. (Соавт.: Д. К. Сакара, А. Ж. Мурзагалиев, Р. Р. Джапаров).
14. Пневмосепарирующее устройство : информ. листок № 14-91 / КазГосИНТИ; Уральский ЦНТИ. – Уральск, 1991. - 4 с. (Соавт.: Х. С. Сагнаев, Р. Р. Джапаров, Н. Р. Джапаров, К. Т. Абышев).

15. Сепарация стебельного корма от примесей по совокупности физико-механических свойств // Актуальные вопросы сельскохозяйственного производства: тез. докл. межвузов. конф. молодых ученых и спец: секции: механизация и электрификация сельского хозяйства. Экономика сельского хозяйства. Агрономия. Общеобразовательные науки / Уральский Обком ЛКСМ Каз. Зап.-Казахст. СХИ. Совет молодых ученых и специалистов. – Уральск, 1991. – С. 26-27. (Соавт.: Х. С. Сагнаев, Р. Р. Джапаров, Н. Р. Джапаров).

1992

16. Материалдар кедергісі пәнінің лабораториялық жұмыстарын орындауға зерттейтін методикалық нұсқаулар. - Орал : БҚАШИ. – 1992. – 84 б. (Серіктес автор: Т. А. Сапарғалиев).
17. Материалдар кедергісі пәнінен орындалатын есептегі тобалау тапсырмаларына методикалық нұсқаулар. - Орал : БҚАШИ. – 1992. – 58 б.
18. Методические рекомендации по организации практического обучения студентов / / Зап.-Казахст. СХИ. – Уральск, 1992. - 16 с. (Соавт.: Б. А. Габдуалиев).
